



Т

Ғылым болашағы өз қолымызда!

12+

алдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№49

(1891) Жұма, 5-желтоқсан 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП БОЙЫНША КЕҢЕС



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардағы әскери және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша кеңес өтті.

Жиында Бас прокурор Берік Асыллов, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов, Қорғаныс министрі Дәурен Қосанов әскери және құқықтық тәртіпті сақтау шаралары, сондай-ақ әскерилер арасында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар әскердегі құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша Қарулы Күштер мен құқық қорғау органдары басшылары қызметінің түрлі аспектілері қарастырылды.

Президент заң мен тәртіпті одан әрі қамтамасыз етуге, әскердегі тәрбие жұмысын жетілдіруге, әскери қызметшілердің мерт болуына және жарақат алуына жол бермеу бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар нақты тапсырма берді.

www.akorda.kz

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ НАРЫҚТЫҢ АДАЛ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА ҒАНА КӨРСЕТІЛЕДІ

Үкімет отырысы барысында Премьер-министр Олжас Бектенов отандық фармацевтика саласына қаржы тартуды ынталандыру мақсатында инвестициялар туралы келісімдер жасалып жатқанын атап өтті.

Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өндіру бойынша 9 инвестициялық жоба қолға алынды. Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш ай ішінде барлық ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап, инвесторлармен келісімдердің жасалуын қамтамасыз ету тапсырылды.

«Дәрі-дәрмекке баға белгілеудің жаңа цифрлық жүйесі фармацевтикалық нарықтағы барлық қатысушылар үшін бірыңғай ережелерді бекітті. Биыл препараттарға бағаны төмендетудің арқасында мемлекет дәрілерді сатып алуда 36 млрд теңгеден астам қаржы үнемдеді. Бұл қаражат халықты қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге бағытталады. Сатып алу бағаларының төмендеуі өндірушілер мен жеткізушілерге ұнай бермейтіні түсінікті. Бірақ біз азаматтарымыздың мүдделерін басшылыққа алуымыз керек. Дәрілер әділ бағамен сатып алы-



нады. Отандық фармацевтикалық өндірушілерге айтарым, біз Сіздерді әрі қарай да қолдаймыз. Оған ешқандай күмән болмасын. Бірақ мемлекеттік қолдау шаралары сапалы медициналық өнімді жеткізетін және бағаны жасанды түрде өсірмейтін нарықтың адал қатысушыларына ғана көрсетіледі», — деп атап өтті Премьер-министр.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2026 жылға арналған препараттарды сатып алу жаңартылған жүйе бойынша жүргізіліп жатқанын

айтты. Дәрі-дәрмектердің кең тізімінің құнын төмендету нәтижесінде айтарлықтай бюджеттік тиімділікке қол жеткізілген. Бірқатар жоғары шығынды дәрілік заттар бойынша бағалар 50%-дан 300%-ға дейін төмендеді. Бұл, ең алдымен, онкологиялық препараттарға қатысты. Мысалы, Иматиниб дәрісі бойынша баға 9450 теңгеден 2348 теңгеге төмендеді, ал Бевацизумаб дәрісінің бағасы 360 мыңнан 77 мыңға дейін төмендеді.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер өзге де профильдер бойынша айтарлықтай арзандады. Осылайша, антибиотик

Цефепим бойынша бюджетті үнемдеу 174 млн теңгені (-40%), ал иммунобиологиялық препарат Экулизумаб бойынша — 424 млн теңгені (-18%) құрады. Ең жоғары бюджеттік тиімділікті қамтамасыз ететін ТОП-10 препаратқа Бевацизумаб, Иматиниб, Сорафениб және Сунитиниб сияқты препараттар кірді. Сондай-ақ Инсулин деглудек, Метотрексат, Элтромбопаг, Будесонид және Йопромид бағасы айтарлықтай төмендеді.


Өзгерістер бөлшек сауда нарығына да әсер етті. 4 900 дәрі-дәрмектің бағасы қайта қаралды. Қазан-қараша айларында деріханалардың мониторингін танымал препараттардың құны орта есеппен 12%-ға төмендегенін көрсетті. Мысалы, «Цефапс» препараты 31%-ға, «Зитмак» — 20%-ға, ал «Ревмоксикам» — 32%-ға арзандады.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, негізгі отандық өндірушілер жаңа ережелерге бейімделіп, дәрі-дәрмектер желісінің бағасын төмендетіп үлгерген. Үнемделген қаражаттар ең алдымен алғаш рет анықталған пациенттердің қосымша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жұмсалмақ. Жалпы алғанда, жаңа баға белгілеу моделі тұрақты және болжамды нарықты қалыптастырып, жеткізу қауіпсіздігін нығайтады және сыртқы баға ауытқуларына тәуелділікті төмендетеді. Министрлік қол жеткізілген нәтижелерді бекіту бағытында жұмысты жалғастырады.

www.primeminister.kz



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметінше, өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 240,1 млрд. теңгені құрады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 588 КӘСІПОРЫН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жетісу облысында 588 кәсіпорын бар, соның 378-і өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейді. Осы жылдың он айында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 323,2 млрд. теңгені құрады.

Бұл ретте оның өнеркәсіптегі үлесі – 74,3%, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,3%-ға өскен. Облыс кәсіпорындарының өнімділігін

арттырып, өндіріс көлемін ұлғайту үшін үнемі цифрландыру элементтері енгізіле отырылып, жаңғыртылады.

Мәселен, осы жылы «Қайнар АҚБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа желіні іске қосып, жаңғырту жүргізді. Сондай-ақ қойма, монтаждау желісі, лазерлік таңбалау және жұмыс уақытын есептеу жүйесі автоматтандырылды.

«Метакон» ЖШС металды лазерлік кесу және металл конструкцияларды роботтық дәнекерлеу жүйесін енгізді, ал «Алацем» ЖШС робот-паллетайзермен жабдықталған орау цехын ашты.

Сонымен қатар қоспаны дайындаудан бастап кесіп, қаптауға дейін толық

автоматтандырылған өндіріс процесімен газоблок шығаратын «Стальбетон» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

«Бұл шаралар шығындарды төмендетіп, дәлдікті арттырады және өңір кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Жалпы, 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібі саласында 1,9 трлн. теңге көлемінде 29 жобаны іске асыру жоспарлануда. 6,7 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Олардың ішінде ірі перспективалық жобалар «Шоғырландырылған тау-кен құрылыс компаниясы» ЖШС металлургия комбинаты, «Қазақстан-Қытай халықаралық өндірістік қаласы» ЖШС индустриялық паркі, «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС пакеттелген кофе мен шай өндірісі, «Envision KKS» ЖШС жел электр станцияларын өндіретін зауыты, - деп атап өтті облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының басшысы Серік Сәбетайұлы.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

Жетісу облысында орта және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды тамақтандыру сапасы мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылайтын қоғамдық штаб жұмыс істейді. Осы жылдың қазан айында құрылған штабтың құрамындағы жергілікті мәслихат депутаты, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аймақтық филиалының, барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер мен «AMANAT» партиясы облыстық филиалының мүшелері және белсенді азаматтар екі ай ішінде өңірдегі 416 білім мекемесіне, соның ішінде жекеменшіктегі мекемелерге де мониторинг жүргізді.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның аясында жүргізілген мониторинг барысында қоғамдық штаб өкілдері тамақтану сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мәселелерден бөлек, санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптардың сақталуына, температуралық режимге, іс жүргізуге, оқушыларды автобуспен тасымалдауға ерекше назар аударды. Сондай-ақ олар білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарына қатысты мәселелерді де қарастырды.

Балалардың қауіпсіздігі мәселесіне қатысты облыстық білім басқармасының басшысы Дәурен Жүнісов:

– Өңірдегі 422 білім беру ұйымының барлығы бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етіліп, Полиция Департаментінің жедел басқару орталығына қосылған. Сол сияқты барлық білім беру ұйымдарында «Дәбыл түймелері» қойылып, жергілікті полиция басқармаларының кезекші бөліміне қосылды. Бүгінгі күні 296 білім беру ұйымында 518 дана турникет орнатылды. Облыс бойынша 210 білім беру ұйымы 253 штаттық бірлікте арнайы мамандандырылған күзетпен қамтамасыз етілген. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда, – деді өз сөзінде.

Қоғамдық штаб өкілдерінің айтуынша, мониторинг қорытындылары білім беру сапасын одан әрі жүйелі түрде жақсартудың негізіне айналады.

– Балалардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерін қоғамдық бақылау – аталған мәселерге қатысты мәліметтерді жинақтау, талдау және бағалау ісін қамтитын кешенді жұмыс. Біздің мақсатымыз – туындаған мәселелерді анықтап, оларды шешу бойынша ұсынымдар әзірлеу. Ал бұл ұсынымдарды іске асыру өңірде заманауи әрі қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай мониторинг шараларын облыс көлемінде әр тоқсан сайын жүргізіп тұрамыз, – деді «AMANAT» партиясы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Арыстанғали Арын.

Жалпы, биыл өңірде 3 мектептің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, «Келешек мектебі» ұлттық жобасы аясында Алакөл ауданының Достық ауылында 600 орындық, Ақсу ауданының Келтабан ауылында 120 орындық, Панфилов ауданының Талды ауылында 300 орындық мектептер пайдалануға берілді. Тағы 4 мектептің құрылысы жалғасуда, яғни Кербұлақ ауданының Көксай ауылында, Панфилов ауданының Суптай ауылында, Текелі қаласында және Талдықорған қаласында жалпы 680 орынға арналған білім нысандары салынып жатыр, келесі жылы пайдалануға беріледі. Сол сияқты 7 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, соның 5-еуінде жөндеу жұмыстары аяқталды, ал қалған 2 мектепте құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін толық бітеді. Бұдан бөлек, биыл 14 мектепте, 5 балабақшада және 1 лагерьде – жалпы саны 30 білім беру нысанында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал келесі жылы 25 мектеп, 2027 жылы тағы 25 мектеп жөндеуден өтеді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

МЕМЛЕКЕТ ТҰРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖАҢАРТТЫ

Тұрғын үй көмек – Қазақстандағы аз қамтылған азаматтар мен отбасыларға арналған мемлекеттік төлем. Ол тұрғын үйге, коммуналдық қызметтерге және мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға алынған баспананың шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Мемлекеттің мақсаты – әлеуметтік осал азаматтарды қолдау және цифрландыру арқылы процесс ашықтығын қамтамасыз ету.

2025 ЖЫЛЫ КӨМЕК АЛУ ЖОЛЫ

- ▶ Өтінішті онлайн egov.kz порталы арқылы немесе ХҚКО арқылы жеке түрде беру мүмкін.
- ▶ Негізгі мәліметтер (тұрғын үй иелігі, тіркелу, кірістер, банк шоты) мемлекеттік органдар арқылы тексеріледі.
- ▶ Өтінішті тіркеу үшін отбасындағы барлық жеткіншек жастағы мүшелердің келісімі қажет.
- ▶ ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде нормативтік есеп жасалады, бұл шешім қабылдау процесін жеделдетеді.

КІМДЕР КӨМЕК АЛА АЛАДЫ

- ▶ Тұрғын үй және коммуналдық қызметтерге шығындары жалпы кірістің рұқсат

етілген бөлігінен (5%-10%, мәслихаттар белгілейді) асатын, кірісі белгіленген шектен төмен аз қамтылған отбасылар.

▶ Көмек тек бір ғана тұрғын үйге (өздігіңізге немесе мемлекеттік қордан жалға алынған) беріледі.

▶ Отбасының кірісі өтініш берілетін кварталға дейінгі үш ай бойынша есептеледі, оған жалақы, жәрдемақылар, алимент, кәсіпкерлік табыс, жалға беру, бағалы қағаздар мен сыйлықтар кіреді.

НЕ ӨТЕЛЕДІ

- ▶ Коммуналдық қызметтер: су, электр, газ, жылу.
- ▶ Тұрғын үй мен аула аумағын күтіп ұстау.
- ▶ Капиталдық жөндеу.

АТАУЛЫ КҮН

«МҮШЕЛТОЙ» – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ



Талдықорған қаласындағы «Мүшелтой» аула клубы» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына – 20 жыл толды. Орталық-балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуге, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға, қылмыстың алдын алуға бағытталған маңызды шараларды лайықты атқаруымен облысымызға танымал болып отыр.

«Мүшелтой» аула клубы» қоғамдық бірлестігін құрып, оның жұмысын жандандыруға белсене атсалысқан Қыдырбаева Дәния Сәлімбайқызының еңбегі орасан. Әуелі бірлестіктің шаңырағын көтеріп жатқанда балалардың бос уақытын тиімді өткізуге жұмыс жасауды мақсат тұтқан тәрбие ордасында шағын ауданның балалары үшін жағдай жасалса, кейін ойын, спорт, шығармашылық үйірмелер ашылып, балалардың қабілеттері сараланды. Уақыт өте келе клубтың ауқымы кеңейіп, қиын өмірлік жағдайдағы балалармен жұмыс қолға алынды. Би, музыка өнері, қуыршақ театры, қолөнер, тәрбиелік маңызы бар іске басымдық берілді. Оған ата-аналар, зейнет жасындағы әжелер де тартылып, қаланың әлеуметтік өміріндегі шараларға белсене қатысып келеді. Дәния Қыдырбаева, Жетісу облысының Азаматтық Альянсы президенті, облыстық ата-аналар комитетінің төрайымы, «Мүшелтой» аула клубының жетекшісі, Жетісу облысы әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының мүшесі, Жетісу облысы әкімдігінің жанындағы ҰЕҰмен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңесінің төраға

орынбасары, қоғам қайраткері: – «Мүшелтой» аула клубының 20 жылдық есеп беру іс-шарасын өткізіп отырмыз. Бүгінгі кешіміз өнер мен ізгіліктің, ұрпақтар сабақтастығының және азаматтық белсенділіктің тоғысқан мерекесі. Өйткені, «Мүшелтой» аула клубы тәрбие орталығы ғана емес, азаматтық қоғамның жарқын үлгісі. Әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыратын ҰЕҰ жылы ұясы».

Шараға Жетісу облыстық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Бауыржан Әбibeков, «Талдықорған қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы Ілияс Сағымбеков, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері, талдықорғандықтар мен қала қонақтары қатысты. Бауыржан Әбibeков, Жетісу облыстық Қоғамдық даму басқармасының басшысы: – «Мүшелтой» қоғамдық бірлестігін мерейтойымен құттықтаймыз. Дәния Сәлімбайқызына ұлағатты басшы бола білгені үшін айтар алғысымыз шексіз. Ұлттық дәстүрді ұлықтап, жас ұрпақты тәрбиелеуде, мәдениет, спорттық шараларды дамытуға, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеуде, сондай-ақ азаматтық белсенділікті арттыру жолында үлкен еңбек сіңіріп келе жатырсыздар. Сіздердің табандылықпен атқарған жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!», -дей отырып, басқарманың атынан Алғыс хат және бірлестікке қажетті теледидар мен тігін машинкасын сыйлады. Осындай Алғыс хат Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзілдің атынан да ұсынылды. Қатысушылар салтанатты шарада тамаша концерттік бағдарламамен танысып, әсіресе әжелердің өнеріне тамсанып қайтты. Ыстық лебіздерін білдіріп, ұжымға табыс тіледі.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

мемлекеттік тұрғын үйді тексереді.

3. Мәліметтерді енгізу – өткен кварталға арналған төлем құжаттарын тіркеу (тұрғын үй, коммуналдық қызмет, байланыс).

4. Қарау – әкімдіктер нормативтік есеп жасайды; мерзімі – 6 жұмыс күні.

5. Шешім қабылдау және төлеу – өтініш берушіге хабарланады; тізімдер Қаржы министрлігінің Казначейлік комитетіне жіберіліп, қаражат аударылады.

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

- ▶ Жеке куәлік.
- ▶ Коммуналдық қызмет, тұрғын үйді күтіп ұстау және капиталдық жөндеуге арналған төлем құжаттары.
- ▶ Байланыс қызметтеріне келісім немесе төлем құжаттары.
- ▶ Мемлекеттік қордан жалға алу туралы құжат (бар болса).
- ▶ Банк шотының нөмірі (IBAN).

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайты

▶ Байланыс қызметтері.

▶ Мемлекеттік қордан алынған тұрғын үйді жалға алу төлемі.

Көмек тек бір тұрғын үйге беріледі, жеке тұлғадан жалға алу мен коммуналдық қызметтердің нормативтен асқан тұтынуын немесе пәтер аумағының шектен тыс қолданылуын қамтымайды.

КӨМЕКТИҢ ЕСЕПТЕЛУІ

Тұрғын үй көмегі = нақты шығындар – рұқсат етілген шығын деңгейі (жергілікті мәслихаттар белгілейді).

▶ Нормативтік есеп ААЖ «Әлеуметтік көмек» жүйесінде аймақтық шектеулер мен нормаларды ескере отырып жасалады.

▶ Есептеу кезінде бір адамға 18 м² белгіленген.

ӨТІНІШТІ ҚАДАМДАП БЕРУ

1. Өтініш беру – eGov.kz порталында немесе ХҚКО арқылы ЭЦҚ арқылы.

2. Тексеру – мемлекеттік органдар тұрғын үй, тіркелу, отбасы құрамы, банк шоты және

ДОСТОЯНИЕ ЗОЛОТОЕ НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКИХ КОЧЕВНИКОВ

«Из поколения в поколение в казахском народе передавалась практика ремесла, опыт нашего народа. Мир меняется - все меняется, но неизменно одно - наша культура, наше наследие, и мы не вправе ее предавать. Мы ничего не придумали, это - золотое наследие кочевников», - считает основатель и директор дома авторского дизайна «Алтын Орда», организатор благотворительных мастер-классов по лоскутному шитью Ырза Турсынзада.



Известный этнодизайнер стала почетным и главным гостем трехдневного фестиваля национальных ремесел «Шеберлер шеруі», прошедшем в Талдықоргане при поддержке акимата области.

В первый день участников и гостей фестиваля от имени руководства региона поздравил заместитель руководителя управления общественного развития Ильяс Тустикбаев.

«Для нашей страны текущий год объявлен Годом рабочих профессий. И этот фестиваль — не просто выставка искусства, а яркое выражение нашего уважения к человеку труда, к мастерству народных умельцев. Слова Главы государства Касым-Жомарта Токаева, сказанные на августовской конференции: «Мы должны уделять особое внимание тому, чтобы молодежь росла честной и трудолюбивой», — находят здесь свое практическое воплощение. Акимат области всегда готов поддерживать такие важные инициативы, которые продвигают национальные ценности и прививают трудовые навыки с раннего возраста. Желаю всем мастерам больших успехов, творческого вдохновения и достойных плодов своего труда!», - сказал он.

Два дня на площадке региональной Палаты предпринимателей были насыщены демонстрацией готовых изделий декоративно-прикладного искусства, дефиле национальных костюмов, проведением мастер-классов для всех желающих женщин. А желающих оказалось более чем достаточно и без ограничений в возрасте — начиная от девочек подростков до уже преклонного возраста, к примеру, таких, как 87-летняя многодетная мама из Аксуского района Тумарбала Айтмухамбетқызы.

«Пятый раз участвую в подобном фестивале, была в Астане и других регионах. С какой целью? Чтобы свои знания передавать подрастающему поколению. Сюда я привезла свои одеяла, сшитые лоскутным методом. Этому научилась еще в детстве. Тогда каждый кусочек ткани шел в дело, а курақ көрпе лежало на почетном месте в каждом доме, что символизировало тепло, уют, достаток и семейное благополучие. Несмотря на возраст, шью и сейчас, не по эскизам, а по вдохновению. Не продаю, а дарю своим близким, родственникам и знакомым. Очень рада, что с каждым годом мастериц, понимающих, что надо возрождать свои корни и традиции, становится все больше. И такие вот мероприятия еще больше вдохновляют их на творчество», - поделилась еще.

Главной же особенностью фестиваля стало то, что мастер-классы по обучению войлоковалению, лоскутному шитью, лепке скульптур и созданию картин из шерсти, плетению из чия, изготовлению национальных кукол давались бесплатно, тогда как на ютуб-каналах, по словам Ырзы Турсынзады, их цена достигает и даже превышает один миллион тенге.

«Мы хотели, чтобы многодетные мамы, женщины с особыми потребностями или по каким-то обстоятельствам находящиеся дома использовали возможность, обучились ремеслу и стали зарабатывать для себя, для своей семьи. Национальную память — эту тонкую энергию может нести только женщина, и хотелось бы, чтобы она получала достойную оплату за свой кропотливый труд и творческое вдохновение», - подчеркнула этнодизайнер.

Одним из преподавателей мастер-класса по созданию картины из шерсти стала Светлана Янчукова, учитель художественного труда средней школы №4 города Талдықорган.

«Это мое дело и в то же время хобби, которым занимаюсь три года. Шерсть — это такая мягкая текстура, которая нежно отзывается в душе, и благодаря ярким цветам позволяет создавать прекрасное и поднимать настроение. К тому же этот материал используется нашими предками с далеких веков в различных отраслях, и этим она еще ценнее. Сегодня мы с моими ученицами сделаем натюрморт из цветов в вазе, все подручные материалы подготовлены. Благо, что шерсть сейчас можно купить свободно», - рассказала учитель.

Последний день грандиозного мероприятия прошел в красивом зале Салтанат сарайы. Заместитель акима области Жетісу Марлен Кольбаев, передав участникам теплые слова приветствия от имени главы региона Бейбита Исабаева, отметил, что фестиваль «Шеберлер шеруі» нацелен на развитие культуры и возрождение национальных традиций посредством декоративно-прикладного искусства и дизайна национальной одежды, и в эти два дня он прошел результативно. Подчеркнул, что отныне это мероприятие будет традиционно проводиться каждый год. Отдельную благодарность выразил Ырза Турсынзада, также являющийся председателем республиканского центра «Бақытты отбасы», кавалером ордена «Құрмет» и лауреатом Президентской премии «Алтын сапа».

После ряда участниц он вручил благодарственные письма и 30 швейных машинок от имени акима области. А Ырза Турсынзада в свою очередь — сертификаты от дома авторского дизайна «Алтын Орда» и подарки в виде дорожных полотен ткани, специально привезенных ею из Астаны.

«Я нахожусь на родной земле Жетісу, перед приездом переживала о том, как пройдет мероприятие. Сейчас я даю ей свою высокую оценку. Видны большая поддержка руководства области в лице акима Бейбита Исабаева, уважение к своим традициям, языку и культуре, что нельзя, к сожалению, увидеть во всех регионах. Мужчины мыслят глобально, они создают условия, а все остальное до мелочей — в руках женщины, в том числе возрождение и сохранение наследия предков — лучших традиций народного творчества. Я встретила здесь много талантливых мастериц, увидела много красивых изделий, достойных международных выставок. В каждом из них — ваша душа, энергия, любовь, и это самый лучший инструмент продвижения вашего бизнеса. Знайте об этом! Мы сейчас в Мажилісе Парламента говорим о том, что труд ремесленников надо поднимать на законодательный уровень, что он должен оцениваться высокими наградами, и я верю, что мы к этому придем. Рада, что теперь фестиваль у вас будет проходить ежегодно, я обязательно приеду на следующий год, и не одна», - добавила Ырза Турсынзада.

Фото Жумабая МУСАБЕКОВА



ОБНОВЛЕНИЕ ОСТАНОВОЧНОЙ СЕТИ

В Талдықоргане в рамках программы «Таза Қазақстан» продолжается обновление городской инфраструктуры. Одним из ключевых направлений стало приведение в порядок старых остановочных павильонов и установка 36 новых, оформленных в национальном стиле. Они появляются как в развивающихся микрорайонах, так и в наиболее востребованных жителями точках города.

Всего в Талдықоргане есть 282 остановки, из них 21 — смарт-остановка и 155 остановок с лайтбоксами. Построенные в 2018 году современные павильоны со временем пришли в негодность, что вызвало многочисленные жалобы горожан. Для решения проблемы, по инициативе акима города Ерната Бәзіл, с апреля 2024 года смарт-остановки переданы в доверительное управление ТОО «Айбын» сроком на пять лет. Сейчас все 21 смарт-остановки проходят полное обновление: 18 уже введены в эксплуатацию, еще 3 будут готовы к концу этой недели.

Что касается 36 новых остановок, то на сегодня смонтированы 25 из них, остальные будут установлены до конца

года. На эти цели из бюджета выделено 239 млн тенге, подрядная организация — ТОО «Монолит Дизайн».

По словам руководителя городского отдела пассажирского транспорта и автомобильных дорог Ерлана Ниетбаева, данные остановки полностью соответствуют современным стандартам и украшены традиционными казахскими орнаментами. «Это не только повышает комфорт для жителей, но и способствует улучшению эстетического облика города», — отметил он.

Работы продолжаются, и обновленная остановочная сеть станет одним из заметных результатов программы «Таза Қазақстан» в Талдықоргане.

НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ В АГРАРНОМ СЕКТОРЕ

В Жетісуском университете имени Ильаса Жансугурова состоялась форсайт-конференция «DATA-DRIVEN решения в АПК: практические подходы». Это событие объединило ученых, преподавателей, фермеров и представителей технологических компаний, которые обсудили, каким будет аграрный сектор в ближайшие годы под влиянием цифровизации и анализа данных.

Организатором выступил естественно-технический факультет вуза. В конференции участвовали зарубежные преподаватели из Италии и Китая, работающие в университете по академической мобильности, а также местные аграрии, предприниматели, представители госструктур и отраслевые специалисты. К обсуждению в онлайн-формате присоединились ученые других университетов страны.

Модерировал встречу декан факультета, доктор технических наук Ерлан Андасбаев, напомнивший участникам, что форсайт-сессии позволяют выстраивать прогнозы развития технологий через коллективный обмен знаниями.

Первым выступил Симоне Пьянкателли — доктор в области пищевых технологий и экологии. Он рассказал о применении природных соединений для защиты сельскохозяйственных культур от болезней. Акцент ученого был сделан на экологичности и безопасности таких методов для человека, животных и растений. Затем слово взял доктор философии Рашид Ауес, представляющий Международный центр по улучшению кукурузы и пшеницы и Научный центр сельхозуниверситета Шаньдун. Его доклад был посвящен геномике пшеницы и оценке ее питательной ценности.



Особое внимание аудитории привлекло выступление Ахмета Кыдырали, магистра физико-математического факультета. Он показал разработанный комплекс из трех видов дронов — химического, автономного и скоростного. По его словам, техника способна обрабатывать до 40 гектаров посевных площадей в час и требует минимальных затрат. Проект вызвал интерес как у фермеров региона, так и у зарубежных гостей, которые предложили сотрудничество. Представители хозяйств задавали практические вопросы о дальности полета и возможностях быстрой дозаправки.

Впечатлениями о мероприятии поделилась студентка третьего курса Малика Арынова, которая одновременно выступала переводчиком. В следующем году она отправится на обучение в итальянскую Анкону по программе двух дипломов.

«Каждый день мы узнаем что-то новое, и сегодняшняя встреча — яркое тому подтверждение. Для будущих специалистов сельского хозяйства участие в подобных конференциях бесценно. Хочу как можно скорее применить полученные знания на родной земле», — рассказала студентка.

Конференция стала очередным шагом в укреплении научного потенциала региона и обмене международным опытом в сфере цифровизации АПК.

Подготовила Алма УРАЗАЕВА

«АРБАТ» АЙМАҒЫ АШЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорғанда тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз демалуына мүмкіндік жасау мақсатында жаңғыртылған «Арбат» жаяу жүргіншілер аймағы қолданысқа берілді.

Жаңарту жұмыстары барысында «Арбат» аумағында бірқатар кешенді өзгерістер жүзеге асырылды. Атап айтқанда, шағын сәулет нысандары орнатылып, заманауи жарықтандыру жүйесі толықтай жаңартылды. Сонымен қатар, өрнектас төсемелері түгел ауыстырылып, су ағатын арық желісі қайта қалпына келтіріліп, автоматты суару жүйесі іске қосылды.

Қыркүйек айында басталған құрылыс жұмыстарын «Капитал Story Kz» мердігер мекемесі атқарды. Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл зиялы қауым өкілдерімен және қоғам белсенділерімен бірге қайта жаңғыртудан өткен «Арбат» жаяу жүргіншілер аймағын аралап, атқарылған жұмыстың нәтижесімен танысты.

– «Арбат» қаламыздың ерекше рухани орталығы. Бүгін жаңартылған күйінде қайта ашылып отырған бұл аймақ тұрғындарымыздың мәдени демалысына қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Ең бастысы, осындай қоғамдық кеңістіктерді күтіп ұстау, оған жауапкершілікпен қарау қажет. Сондықтан бұл жерде заңсыз саудаға жол берілмейді. Тәртіп пен



тазалық бар жерде ғана тұрғындар қауіпсіз әрі жайлы демала алады. Алдағы уақытта да қаламызда абаттандыру жұмыстары жалғасады. Бұл тұрғындардың бос уақытын тиімді, қауіпсіз өткізуіне жасалып жатқан нақты қадамдардың бірі, – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

Айта кетейік, «Арбат» демалыс орны соңғы рет 2016 жылы абаттандырылған болатын.

ЕРЕН ЕРЛІК ИЕЛЕРІ МЕН ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ СПОРТШЫЛАР

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл Жапонияның Токио қаласында өткен киокушинкай-кан каратэ бойынша Әлем чемпионатында жоғары нәтижеге қол жеткізген жас спортшылар Еркежан Асылбай мен Аделя Буенбаеваны, сондай-ақ қызметтік борышына адалдық танытқан полиция қызметкерлерін арнайы қабылдап, Алғыс хаттар табыс етті.



Қала басшысы қабылдауға келген тәртіп сақшыларын «Заң мен тәртіп» идеологиясын нығайту жолындағы еңбегі, сондай-ақ жасөспірімнің өмірін сақтап қалу және «Жастар-3» тұрғын алабында болған өрт кезінде адамды құтқаруда көрсеткен ерлігі үшін марапаттады. Әкім олардың кәсібилігі мен батылдығы қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды үлес екенін атап өтті.

Сонымен қатар, әлемдік додада топ жарған спортшылар да назардан тыс қалмады. Әлемнің 41 елінен 700-ге жуық спортшы қатысқан жарыста Еркежан Асылбай 50 келі салмақта қарсыластарын басып озып, әлем чемпионы атанса, Аделя Буенбаева жоғары шеберлігін көрсетіп, қола жүлдемен елге оралды.

Әкім қабылдауында айтылғандай, спортшылардың жеңісі талмай төккен тердің, жаттықтырушылар еңбегінің және отбасылық қолдаудың жемісі. Ал полиция қызметкерлерінің ерлігі қоғам қауіпсіздігі жолындағы адал қызметтің айқын көрінісі екендігін ерекше атап өтті.

«TFL TALDYKORGAN» ЖӘНЕ «BALA LIGA» ҚЫСҚЫ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Облыс орталығы Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт сарайында футболдан «TFL TALDYKORGAN» жарысы мен кіші жасөспірімдер арасындағы «Bala Liga» ашық біріншілігінің қысқы маусымының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шараға қала әкімі Ернат Бәзіл арнайы қатысып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, жас футболшыларға 500 доп тарту етті.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін ашық біріншіліктің биылғы маусымы бұрынғыдан да ауқымды. «Bala Liga» жарысына 43 команда, жалпы саны 700-ге жуық жасөспірім қатысуда. Ал ересектер арасында өтетін «TFL TALDYKORGAN» футбол жарысына 12 команда, 350-ден астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтамақ. Ашық біріншілік 2026 жылдың ақпан айына дейін жалғасады.

«Қаламызда тұрақты түрде спортпен шұғылданатын жастардың қатары жыл сайын артып келеді. Бұл – қуантарлық жағдай. Осы жарыс соның бір дәлелі. Алғашқы біріншілікте 10-нан аса команда қатысса, бүгінгі додада 43 команда бақ сынауда. Алдағы уақытта бұл жарыстың ауқымын одан әрі кеңейтіп, аудан-қалалар деңгейінде өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді қала әкімі Ернат Бәзіл.

ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА

Қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен қала бойынша эпидемиологиялық жағдайға қатысты үйлестіру кеңесінің отырысы өтті.

Жиында 2025 жылдың 10 айындағы инфекциялық және паразитарлық аурулардың, сондай-ақ вакцинамен басқарылатын инфекциялардың эпидемиологиялық жағдайы мен иммунопрофилактика саласындағы өзекті мәселелер талқыланды.

Қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының мәліметінше, эпидмаусым басталғалы өңір бойынша жедел респираторлық вирустық инфекцияның (ЖРВИ) 32 159 жағдайы тіркелген, оның 23 524-і – 14 жасқа дейінгі балалар.

Вирустық аурулардың өсуін ескере отырып, медициналық ұйымдарда МСАК деңгейінде 9 мобильді бригада, 8 сүзгі кабинеті және азаматтарға кеңес беретін 6 телефон желісі жұмыс істеп тұр. Шұғыл көмек көрсету үшін 22 жедел медициналық жәрдем бригадасы жұмылдырылған.



Талдықорған қаласында 25 055 адам тұмауға қарсы вакцинациядан өтті. Осылайша, қаладағы биылғы эпидемиологиялық маусым тұрақты бақылауда екенін атап өтті.

Отырыс қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков жауапты мекемелерге эпидемиологиялық жағдайды тұрақты бақылауда ұстауды, тұрғындар арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстарды күшейтуді, сондай-ақ инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша шараларды жүйелі түрде жүргізуді тапсырды.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАҢДАР ІСІ НАЗАРДА



Күн тәртібінде 3 мәселе қаралып, Талдықорған қаласының полиция басқармасының есебінде тұрған мектеп оқушыларының отбасылық проблемалық мәселелері де қаралды.

Қала әкімінің орынбасары Жеңіс Андабековтың төрағалығымен қала әкімдігі жанындағы кәмілетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Комиссия отырысының қорытындысы бойынша мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

МЕРЕКЕГЕ ДАЙЫНДЫҚ

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков медиа саласының мамандарын Жаңа жыл мерекесін қарсы алуға қатысты жаңалықтармен таныстырды. Тұсаукесері 20-желтоқсанға жоспарланып отырған ені – 9, биіктігі – 23 метрді құрайтын ұлттық нақыштағы басты шырша мен айналасын безендіруге 27 миллион теңге жұмсалмақ. Салтанатты шараға 150 аяз ата мен ақшақар қатысып, кішкентай тұрғындарға өте қызықты көңіл – күй сыйламақшы. Желтоқсанның 20-сы мен қаңтардың 20-сы аралығына жоспарланып отырған жаңажылдық мерекелік шараға әзірлік- орнатылатын көптеген қондырғылардың күрделілігі мен қауіпсіздігін қамтуға байланысты 11-ші желтоқсаннан басталады. Мерекеге кәсіпкерлер қауымы да белсенділік

танытып, орталық алаңға 6 тамақтану нысанын орнатады. Жаз маусымын түрлі қызықты шаралармен өткізген талдықорғандықтар мен қала қонақтары үшін қыс маусымы да өзіндік сән-салтанатымен ерекшеленбекші. «Қаратал» жағажайында, «Жастар» демалыс саябағында күн сайын түрлі фестиваль, спорттық шаралар, тағы да басқа бағдарламалар қарастырылып отыр. Қыс қызықтарынан Еркін және Өтенай ауылдық округінің тұрғындары да шет қалмайды. Ауылдың орталық аумағында жасыл шырша бой көтеріп, мерекеге сай безендіру ісі жүргізіледі. Еске салсақ, жаңа жылдық шырша осыдан 5 жыл бұрын жаңартылған болатын.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ! ШЫНАЙЫ ЕРЛІК ИЕЛЕРІ

40 жыл ішінде 450-ден астам ядролық жарылыс жасалып, жергілікті халыққа және сол өңірде қызмет еткен әскерилерге зардабын тартқызған Семей ядролық сынақ полигоны тарихымызда өшпес ізін қалдырды. Небәрі 17-25 жас аралығында Отан алдындағы борышын атқаруға аттанған жігіттер еліміздің қауіпсіздігі мен әскери қуатын нығайту жолында қызмет етіп, аса күрделі әрі қауіпті жағдайларға жұмыс істеді.



Бейсенғазы ТОҒЫЗБАЕВ

Семей ядролық полигонында әскери азаматтық борыштарын өтеп қайтқан жігіттердің қатарында Бейсенғазы Тоғызбаев пен Сейдахмет Ақашовтар да болды. Екеуі де әскерге Қапал өңірінің шұрайлы мекені – Арасан колхозынан аттанған еді. Жалпы әскерилердің басым бөлігі жарылыс салдарын зерттеу, әскери инфрақұрылымды қорғау, сынақ аймақтарында тәртіпті сақтау және ғылыми-техникалық топтарға көмек көрсету сияқты міндеттерді атқарғаны белгілі. Олар радиация деңгейі жоғары аймақтарда жұмыс істеп, өз өмірлерін қауіпке тігіп жүрді. Денсаулықтары күрт нашарлап, радиациялық түрлі ауруларға, түрлі созылмалы дерттерге ұшырауының себебі де осы. Соған қарамастан олар өздеріне жүктелген борыштарын адал атқарып, әскери антына беріктігін танытты. Тоғызбаев Бейсенғазы Жанболатұлы 1945 жылдың 25 желтоқсанында ҚХР дүниеге келген. 10 жасында ата-анасы Қазақстанға көш түзеп, Арасан колхозына қоныстанады. Бала Бейсенғазы мектеп табалдырығын аттап, өзімен қатарлас балалардың арасында ойнап-күліп жүріп он жылды араға салып, мектеп түлегі атанады. Шаруашылықты өркендету жолында тер төгіп жүріп еңбек етуді ата-анасынан бойына сіңіріп өскен жігіттің алдағы арманы-әке жолын жалғастыру болды. Білек сыбана іске де кірісті. 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, Семей облысына жол тартады. Адамзат тарихындағы ең қауіпті нысандардың бірінде азаматтық борышын өтеп жатқанын білген де жоқ. Алдымен әскери қаруды қолдануға машықтанып, мергендігімен көзге түсті. Одан әрі кез келген істі тындырымды атқара жүріп, қатардан қалыспайды. Әскерден оралған соң да өзі өскен ұжымшарда еңбегін жалғастырып, 1972 жылы шаңырақ көтерді. Бүгінде жұбайы екеуі 2 ұл, 2 қыздың ата-анасы атанып, 9 немере, 3 шөбере сүйіп отыр. Ақашов Сейдахмет Молдахметұлы 1952 жылы 28 шілдеде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Арасан ауылында дүниеге келген. 1959 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1969 жылы орта мектепті ойдағыдай тәмамдап шығады. Араға бір жыл салып, әскерге шақырылған Сейдахмет Молдахметұлы Семей облысындағы әскери бөлімшеде «химик барлаушы» мамандығын игереді. 1971-1972 жылдар аралығында атом бомбасын жаруға қатысады. Азаматтық борышын адал атқарған азамат туған жерге оралған соң ұжымшардың комсомол ұйымына жетекшілік етіп, 1978-1980 жылдары осы колхоздың кәсіподақ ұйымын басқарды. Кейін партия ұйымының хатшысы атанып, 1982 жылы Қапал аудандық партия комитетінің нұсқауымен Арасан-Қапал шипажайының шаруашылық саласын басқарады. 1998 жылы «Мәди» жеке шаруа қожалығын құрып, осы уақытқа дейін еңбектен қол үзген емес. Еңбегі елеусіз қалмады, 1973 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Жолдасы Маруа екеуі отбасында 2 бала, 7 немерені тәрбиелеп отыр.



Сейдахмет АҚАШОВ

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

ӨНЕР ТЕАТРҒА АКАДЕМИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕ БЕРІЛДІ

Жетісу облысының мәдени өміріндегі айтулы оқиға! Быыл Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Бикен Римова атындағы драма театрына «Академиялық» мәртебе беру туралы айтқан болатын. Күні кеше Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің қаулысымен «Академиялық» атақ берілді. Бұл мәдениет саласындағы көп жылғы жемісті жұмыстың, жоғары шығармашылық деңгейдің және өңірлік мәдениетті дамытуға қосқан зор үлестің нәтижесі.

Театр 1975 жылы құрылып, өңірлік мәдениеттің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Қазақстанның Халық әртісі Бикен Римованың мұрасын жалғастырушы ұжым енді академиялық деңгейге көтерілді. Енді өңірлік театрлар арасындағы көшбасшы ретінде республикалық және халықаралық деңгейде өз өнерін одан әрі көрсететін болады. Бұл мәртебе – репертуар сапасын арттыруға, қазақ және әлемдік классиканың үздік үлгілерін сахналауға жол ашады. Театрдың ғылыми-шығармашылық әлеуетін арттырып, театр өнерін зерттеу және насихаттау орталығы ретіндегі рөлін күшейтеді. Осы орайда театр ұжымы қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне, Жетісу облысының әкімдігіне және барлық өнерсүйер көрермендерге шынайы алғысын білдіреді.

Арай НҰР

БАЙҚАУ ТІЛ ШЕБЕРІ

Қазақстан Респуб-ликасында тіл саясатын дамытудың тұжырымдамасын іске асыру, Ш. Уәлихановтың 190 жылдығына орай «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ мен «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ ұйымдастыруымен «Тіл шебері – 2025» қалалық байқауы өтті.

Шараның ашылуында Талдықорған жоғары медициналық колледжінің директоры Серік Жансәгіров сөз алып, қатысушыларға сәттілік тілеп, тіл мәдениетін дамыту мен жас ұрпақтың тілдік әлеуетін арттырудың маңыздылығына тоқталды. Үштілділікті насихаттау, жас буынның мемлекеттік тілге құрметін арттыру, сондай-ақ, олардың шығармашылық ойлауын дамыту мақсатында ұйымдастырылған байқауға қаладағы колледждерден белсенді студенттер қатысып, өз білімдері мен өнерін ортаға салды. Байқау бірнеше кезең бойынша өтіп, қатысушылар қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейін көрсетті. Олар тілдік тапсырмаларды орындап қана қоймай, ойды көркем түрде жеткізі, шешендік қабілет, жылдам әрі сауатты жауап беру дағдыларын да танытты. Байқау қорытындысына сәйкес I орынды I.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugirov college», II орынды Талдықорған жоғары политехникалық колледжі, Талдықорған заң колледжі, Қ.Байсейітов атындағы Талдықорған саз колледжі, III орынды Талдықорған индустриалдық колледжі,



Авиценна медициналық колледжі, Талдықорған сервис және технология колледжі, Жетісу құрылыс-техникалық колледжі иеленді. **Сандуғаш Арнайқызы, «Талдықорған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ бас маманы:** «Қазақстан бүгінде бүкіл әлемге халқы үш тілді еркін пайдаланатын, тілдік мәдениеті жоғары мемлекет ретінде танылып отыр. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, елдің бірегейлігін айқындайтын басты құндылық. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде түрлі этностар арасындағы өзара түсіністік пен байланысқа қызмет етеді. Ал, ағылшын тілі жаһандық экономикаға, ғылым мен технологиялар кеңістігіне тиімді кірігу тілі болып табылады. Үштілділікті дамытудың мұндай үлгісі еліміздің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, жас ұрпақтың әлемдік ақпараттық кеңістікке еркін шығуына жол ашады»- деп аталмыш байқау жас буынның тілдік құзыретін арттыруға зор үлес қосатынын атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ФАКТІЛЕРІ 37,7 ПАЙЫЗҒА АРТТЫ



Іс-шараның мақсаты – тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған ден қою, отбасылар мен зорлық-зомбылық құрбандарына қолдау көрсету мақсатында жүйелі ведомстваралық өзара іс-қимылды нығайту.

Іс-шара аясында облыс аумағында кең ауқымды ақпараттық-ағарту іс-шаралары өтеді. Мәселен, халықпен кездесулер, мобильді топтардың жұмысы, жедел желілер, дөңгелек үстелдер, ұйымдар мен оқу орындарындағы семинарлар. Зардап шеккендерге арналған іс-қимыл алгоритмдерін түсіндіруді күшейту. Сондай-ақ, агрессорлармен жұмыс істеуге және қайталанған зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аударылатын болады.

Атап өтейік, биыл жыл басынан бері отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында 175 қылмыстық іс тіркелген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 37,7 пайызға өсіп отыр.

Құқық бұзушыларға қатысты 2093 қорғау нұсқамасы шығарылып, олардың талаптарын бұзу бойынша ҚР әкімшілік кодексінің 461 бабымен 129 құқықбұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ішкі істер органдарының ұсынысы бойынша сот органдарымен 423 тұлғаға қатысты ерекше талап ор-

натылды. Сотпен орнатылған ерекше талаптарын бұзғаны үшін 165 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Талдықорған қаласында Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы да жұмыс істеп келеді. Ғимарат қажетті жиһаздармен толыққанды жабдықталған және барлық жағдай жасалынған. Әлеуметтік қызметті сапалы көрсету мақсатында, қосымша автокөлік құралдары қарастырылған. Әлеуметтік көмекке жүгінген қызмет алушылар орталықта 6 ай мерзімге дейін уақытша тұруға мүмкіндігі бар.

2025 жылы әлеуметтік көмекке 136 адам жүгінген. Мектеп жасындағы қызмет алушылар саны 49, мектепке дейінгі қызмет алушылар саны 51 адам. Бүгінгі күні орталықта 26 тұлға (7 әйел 19 бала) әлеуметтік қызмет түрлерін алуда. Қызмет алушыларға барлық жағдай жасалынған.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу профилактикалық жұмыстар бойынша орталықта тәулік бойы қалалық телефон 1301 және ұялы телефон 8(7282) 28-00-05, 41-53-13 қосымша WhatsApp желісінің нөмірі арқылы 87007108266 жұмысын ілгері жүргізуде.

Арай НҰР

БАЛДЫРҒАНДАР ЖОЛДЫ ҚАУІПСІЗ КЕСІП ӨТУДІ ҮЙРЕНДІ

Қ. Ушинский атындағы №7 орта мектепте мектепалды даярлық тобы мен 0-2 сынып оқушылары үшін «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» тақырыбында оқыту сабағы өтті. Шараның негізгі мақсаты – балаларға жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ көлік қозғалысы жағдайында дұрыс бағдарлануға көмектесетін дағдыларды дамыту.

Кішкентай тыңдаушылар үшін сабақтың ерекше есте қаларлық болуына Талдықорған қаласының патрульдік полиция ротасының қызметкерлері себеп болды. Олар балаларға жол қозғалысы ережелерін қарапайым әрі түсінікті тілде түсіндіріп, бағдарламалардың мәнін ашып көрсетті, негізгі жол белгілерімен таныстырды және жаяу жүргіншілер үшін ең маңызды қағидаларды жеткізді.

Барлық түсіндірмелер өмірден алынған мысалдармен толықтырылып, балалардың ақпаратты тез әрі оңай қабылдауына ықпал етті. Сабақтың тәжірибелік бөлігі ең қызықты кезең болды: полиция қызметкерлерінің жетекшілігімен оқушылар жолды дұрыс кесіп өтуді, жан-жағына қарап жүруді, көліктің бағытын бақылауды үйренді. Әрбір оқушы өзіне мұқият әрі тәртіпті жаяу жүргінші рөлін байқап көруге мүмкіндік алды – әр қадамын дұрыс қоя отырып, қауіпсіз қозғалыс ережелерін меңгерді. Балалар қызығушылықпен сұрақ қойып, өз ойларымен бөлісті. Сабақ соңында олар жол қозғалысы ережелерін сақтауға, өз достары мен жақындарына үлгі болуға уәде берді. Дәл осындай алғашқы мектеп сабақтары өмірді сақтап қалатын дұрыс әдеттердің негізін қалайды. Тәртіп – тәрбиенен басталады: жауапкершілік бар жерде қауіпсіздік те, заң да бірге жүреді.

Жетісу облысының Полиция Департаменті

РУХАНИЯТ

ДІН ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Жер, ел, тіл, ғін сынды төрт құбыламызды түгендеп, оны дамыту үшін мәдениетіміз өркендеуі керек. Дін мен мәдениет- адамзат қоғамының қалыптасуында зор маңызға ие.

Дін-адамның рухани қажеттіліктерін қанағаттандырса, мәдениет-адамның өмір сүру салтының, ой-санасы мен дүниетанымының көрінісі. Мәдениетті халықтың ауызбірлігі, қанымен біте қайнасып біткен жанашырлығы, пейілінің кендігі өзге құндылықтарға жол аша түседі. Ұлттық болмысымызды ұрпақтан ұрпаққа жалғайды. Осы екі құндылықты өзара үйлестіре отырып дамыту-бейбіт, тұрақты және өнегелі қоғам құрудың негізі болып табылады. Халқымыздың мәдениеті-ғасырлар бойы қалыптасқан терең рухани, әлеуметтік және дүниетанымдық құндылықтардың жиынтығы. Бұл мәдениеттің түп-тамырында ислам дінінің орыны ерекше. Оның айқын көріністерін салт-дәстүрімізден, тіл мен әде-

биеттен, моральдық құндылықтардан байқаймыз. Баланың дүниеге келуі, бесікке салу, сүндетке отырғызу, құда түсу, неке қию, жаназа шығару т.б сияқты салттардың барлығы ислам шарифатына сай орындалады. Ақын-жазушылардың еңбектерінен діни ұғымдарды жиі ұшыратамыз. Адалдық, ата-анаға құрмет, ізгілік, сабыр, мейірімділік, жылағанды жұбату, жәрдем беру т.б. моральдық құндылықтар-ислам этикасымен ұштасып жатыр. Ораза және Құрбан айтты ислам дінінің үлкен мейрамдары ретінде ғана емес мәдениетіміздің көрінісі ретінде кең көлемде атап өтеміз. Көптеген тарихи ескерткіштеріміз дін мен мәдениеттің байланысын паш етіп тұрғандай. Айтар болсақ, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Арыстан баб, Бекет ата, Алаша хан мазарлары-діни әрі мәдени орындар санатында. Байқасаңыздар қазақтың салт-дәстүрі мен рухани өмірінің өзегінде исламның ізі сайрап жатыр. Сондықтан да дін мен мәдениетті егіз ұғым ретінде қабылдаймыз.

Гүлжанат НҰРШАНОВА

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ
ҚОС ТҮЛҒАҒА ҚҰРМЕТ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында ұлы ғалым, ағартушы, тарихшы және географ Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына арналған, сондай-ақ, «Мен халқымын Бауыржанымын» атты батыр Бауыржан Момышұлына арналған тағылымдық шара ұйымдастырылды.

Кеш барысында Шоқан Уәлиханов пен Бауыржан Момышұлы жайлы өмір жолдары, ғылыми мұралары, зерттеушілік еңбектері мен ел тарихындағы орны туралы мазмұнды деректер айтылып, олардың ұлтқа сіңірген еңбектері ерекше атап өтілді. Іс-шара сарбаздардың рухани дүниесін байытып, тарихи тұлғаларға деген құрметін арттыруға бағытталды.

ЖАС ШЕКАРАШЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасында «Жас шекарашы» үйірмесімен сабақ өтті.



Шара барысында оқушыларға шекарашы мамандығының ерекшеліктері таныстырылып, әскери-патриоттық тәрбие беру бағытындағы практикалық және теориялық жаттығулар көрсетілді. Мұндай үйірме сабақтары жас буынның Отан қорғауға деген қызығушылығын арттырып, патриоттық сананы қалыптастыруға бағытталады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

АЙМАҚТЫҚ ВОЛЕЙБОЛ
ЖАРЫСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы «Арасан» шекара бөлімшесінде салауатты өмір салтын қолдау мақсатында волейболдан аймақтық жарыс ұйымдастырылды.



Жарыс әскери қызметшілердің дене дайындығын арттыру, ұжымдық бірлікті күшейту және спортты насихаттауға бағытталды. Қатысушылар өзара шеберлік байқасып, жоғары спорттық рух пен командалық үйлесімділікті көрсетті.

«КҮЗ-2025»
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СЕРГІТУ
ШАРАСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында «Күз-2025» шақырылымындағы жас сарбаздармен психологиялық сергіту шарасы ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – сарбаздардың эмоционалдық жай-күйін нығайту, ұжым ішіндегі өзара түсіністік пен қолдауды арттыру, сондай-ақ әскери қызметке бейімделу процесін жеңілдету. Сергіту жаттығулары арнайы әдістемелер негізінде жүргізілді.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті

АБАЙЛАҢЫЗ!

ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫНАН
ҚАРТ АДАМДАРДЫ ҚАЛАЙША
ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ

60 + санаты алаяқтар үшін ең осал топ болып қалуда. Оның себебі түсінікті: олардың сенгіштігі, цифрлық сауаттылықтың жеткіліксіздігі және жақындарының тарапынан тұрақты қолдаудың болмауы.

Fingramota.kz кеңінен тараған алдау әдістері мен қауіпсіздік қағидалары және егде жастағы адамдарды алаяқтардан қалай қорғау керектігі жөнінде айтып береді.

Қарт адамдар қаржы
пирамидалары үшін оңай олжа

Біз зейнеткерлердің мессенджерлерде өздерін «рекрутерлер» деп атайтын адамдарға жүгініп, жазылымдар ресімдеп беруді, «ғажайып тауарларды» (диеталық қоспалар, косметика, тұрмыстық техника) сатып алуды және жаңа жазылушыларды тартуды сұрайтын оқиғаларды жиі естиміз.

Көптеген қарт адамдар, олардың туыстарының сөзінше «пирамидадан пирамидаға ауысады». Әдетте, оларға «тәуекелсіз жоғары табысқа кенелуге» уәде етіледі, «инвестициялар», «стартап», «мемлекеттік бағдарлама» сөздерін қолданады. Алаяқтардың ең көп қолданатын әдісі - психологиялық әсер ету, қарт адамдарды «отбасы үшін ақша табу» және «тегін бонустар», сыйлықтар, жеңілдіктер туралы уәделерге сендіріп, балалар мен немерелеріне көмектесуге деген ұмтылысын пайдалану.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ:

- Негізгі табыс тауарларды/ қызметтерді сатудан емес, жаңа қатысушыларды тартудан түседі.
- «Кіру жарнасы» немесе тұрақты төлемдер қажет.
- Қызметке лицензия жоқ (ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтында тексеріледі - gov.kz).
- Ай сайын 20-30% мөлшерде «тәуекелсіз» кепілдендірілген жоғары табыс туралы уәде.
- «Дәл қазір шешіңіз» деген талап қою.

Егде жастағы туыстарды қалай
қорғауға болады?

Банк карталарына лимиттер белгілеп, SMS-хабарламаларды қосу. Қарт туыстармен алаяқтық тақырыбын үнемі талқылап отыру. Олардан жақындарымен кеңеспей ақша салмауды өтіну.

«Сіздің қартаңыз бұғатталды»: жалған банкирдің қоңырауы

Алаяқтар қоңырау шалып, карта бойынша «күдікті операциялар» жүргізіліп жатқанын хабарлайды. Олар «қаражатты қорғауды» ұсынады және карта нөмірін, CVV-кодты, PIN-ді немесе SMS-пен келетін құпиясөзді айтуды сұрайды. Кейде қашықтан қол жеткізу бағдарламаларын (TeamViewer, AnyDesk) орнату қажет сендіреді. Нәтижесінде олар шотты толық бақылауға және қаражатты ұрлауға қол жеткізеді.

Егде жастағы туыстарды қалай
қорғауға болады?

Банк ешқашан телефон арқылы кодтар мен мәліметтерді сұрамай-тынын түсіндіріңіз.

Қосымшаларды қажетсіз орнатудан қорғайтын, әсіресе бөгде адамдардың өтініші бойынша және смартфон операцияларын екі рет растауды талап ететін функцияны қойыңыз.

Егер күмәнді қоңырау болса, телефонды қойып, ресми нөмір бойынша банкке қайта қоңырау шалу керек екенін айтыңыз.

«Сіздің туысыңыз қиындыққа тап болды»: қорқыта отырып сенімге кіру Алаяқтар өздерін полиция қызметкері немесе дәрігермен таныстырады және жақын адамының: жол апаты, қамауға алу, аурухана түсіп қалу сияқты қиындыққа тап болғанын хабарлайды. «Мәселені шешу» үшін жедел ақша аударуды немесе курьерге қолма-қол ақша беруді талап етеді.

Қарт адамдарға не істеу керек?

Алдымен туыстарыңызға тікелей хабарласыңыз. Белгісіз адамдарға ақша бермеңіз. Мұндай қоңыраулар туралы

полицияға хабарлаңыз.

«Сізге ақша төлемі жасалады»: мемлекеттік мекеме қызметкерінің қоңырау шалуы немесе келуі

Зейнетақы қоры немесе әкімдік қызметкерлерінің атынан алаяқтар қосымша төлемдер, өтемақылар, субсидиялар уәде етеді. «Ресімдеу» үшін картаны және SMS-тен келген кодты айтуды немесе жалған бланкіге қол қойды талап етеді. Кейде үйге жалған куәліктермен келеді.

Нені білу және істеу керек?

Барлық төлемдер тек ХҚО немесе eGov.kz арқылы ресімделеді.

Құжаттарды тексеріңіз – 1414 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Ешқашан бейтаныс адамдарға жеке деректерді бермеңіз.

ҚАРТТАРДЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Агенттік қаржылық қызметтерді тұтынушыларды қорғауды күшейтті. Мынадай шаралар енгізілді:

► Осал санаттар (оның ішінде зейнеткерлер) үшін кредит берудің агрессивтік маркетингіне және инвестицияға тыйым салу.

► МҚҰ мен банктерге қойылатын талаптарды қатаңдату – өнімдерін тықпалайтын қоңырауларға тыйым салу, жасырын комиссиялардан қорғау.

► «Банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» немесе қарапайым тілмен айтқанда «Стоп кредит» сервисін қарт туыстарыңызға көрсетіп орнату. Сіз оны eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы бірнеше минутта қосып алып, қанша уақыт қажет болса, сонша уақыт пайдалана аласыз: жолдағандардың уақыты мен санына шектеулер жоқ.

► 1000 АЕК-тен (2025 жылы 3 932 000 теңге) асатын кредит немесе микрокредит алған кезде клиенттің жұбайының (зайыбының) келісімі қажет. Егер қарыз алушының некесі тіркелген болса, келісім eGov немесе банктің мобильді қосымшасы арқылы жазбаша немесе электрондық нысанда ресімделеді. Егер кредит жұбайының (зайыбының) келісімінсіз берілсе, онда кредитор мұндай берешекті есептен шығаруға міндетті.

► «Қосымша қол» сервисі

Бұл – Агенттіктің қарт адамдар мен мүгедектерді алаяқтықтан қорғау үшін әзірлеген құралы. Сервиске сәйкес қарт адам немесе мүгедектігі бар адам келісім бойынша сол банктің немесе қаржы ұйымының клиенттерінің ішінен өзіне «көмекшіні» (сенімді адамды) тағайындай алады.

Көмекші клиенттің жоспарланған операциялары — аударымдары, салымдар немесе карталар ашу, валюта айырбастау, инвестициялық қызметтер және т.б. туралы хабарлама алады. Егер көмекшіде алаяқтық әрекеттерге күдік туындаса, кредиттік ұйым клиентті хабардар ете отырып, «қосымша қол» қызметін ажыратуға міндетті болады.

Сервис 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында сынақтан өткізіледі (тексеріледі), содан кейін кредиттік ұйымдарға міндетті ету үшін заңнамаға тиісті нормаларды енгізу жоспарланып отыр.

ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАПАЙЫМ

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

► Ешқашан телефон арқылы картаңыздың деректемелері мен SMS кодтарды хабарламаңыз.

► Мемлекеттік қызметшімін деп хабарласқандардың құжаттарын тексеріңіз.

► Кез келген ақша аударымы алдында туыстарыңызбен кеңесіңіз.

► Жақындарыңыздың, банктің және полицияның телефондарын жазып алыңыз, олар өзіңізбен бірге болсын.

► Үлкен соманы үйде қолма-қол ақша түрінде сақтамаңыз.

► Бейтаныс адамдарға «жоқ» деп айтудан қорықпаңыз.


Қаржылық

сауаттылығыңызды Fingramota.kz-пен бірге арттырыңыз

ПАЦИЕНТ ҚҰҚЫҒЫ:

2026 жылы МӘМС кімдер үшін қолжетімді болады

Желтоқсанда Ақмола облысы мен Астана қаласында әлеуметтік тұрғыдан осал D және E санатындағы азаматтарды әкімдіктердің жарналары есебінен қамту бойынша пилоттық жоба өткізу жоспарланып отыр. МӘМС туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл механизм жаңа жылдан бастап ел бойынша іске қосылмақ.



МӘМС бойынша медициналық көмекке жүзеге асырылатын D және E санатындағы тұлғалар үшін төлем жасалады», – деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры басқарма төрағасының орынбасары Сәуле Тәжібаева.

Аталған механизмнің техникалық іске асырылуына арналған пилоттық жоба биылғы жылдың желтоқсанында Ақмола облысының және Астана қаласының әкімдіктерімен бірге жүзеге асырылады. Сонымен қатар, Қорда ресми тіркелген жұмыссыздар үшін МӘМС жарналарының төлену тәртібі өзгеретіні атап өтілді: қазір бұл жарналарды республикалық бюджет төлейді, ал 2026 жылдың басынан бастап оларды жергілікті атқарушы органдар төлеуге міндетті. Тек субсидияланатын жұмысқа орналасқан немесе жұмыс берушіде оқып жүрген адамдар бұдан тыс қалады.

«Бұл шешім өңірлерге жұмыс орындарын көбірек ашуға, азаматтарға жұмыс табуға көмек көрсетуге, кедейлікті азайтуға және жұмыссыздардың неғұрлым дәл есепке алуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған отбасылардың тұрмысын жақсартуға сеп болады. Нәтижесінде осал топтар медициналық көмекке қолжетімділігін сақтайды, ал 2026 жылы МӘМС жүйесіне шамамен 45,3 млрд теңге түседі, оның 30,4 млрд теңгесі – әлеуметтік осал азаматтар, 15 млрд теңгесі – жұмыссыздар үшін аударылатын жарналар. Бұл өз кезегінде сапалы медициналық қызметті пайдаланатын адамдар санын арттырады», – деп атап өтті Сәуле Тәжібаева.

Жарна мөлшері өңірдегі орташа жалақыға сүйене отырып, басқа жеңілдік санаттары үшін қолданылатын ережелерге сәйкес есептеледі.

Белгілі болғандай, қазақстандықтардың шамамен 60%-ы МӘМС жүйесінде жеңілдік санатына кіреді, яғни олар үшін жарнаны мемлекет төлейді (мысалы, зейнеткерлер, балалар, студенттер, жүкті әйелдер, мүгедектері бар жандар, ресми тіркелген жұмыссыздар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар және басқалар).

Қазір Қазақстанда 3,5 миллионға жуық адам (халықтың 17,9%-ы) МӘМС жүйесіне қатыспайды. Олардың шамамен 1 миллионын әлеуметтік әлауқаты дағдарыстық (D) және шұғыл (E) деңгейде деп танылғандар құрайды.

2025 жылдың 14 шілдесінде қабылданған заң аясында Президент жергілікті атқарушы органдарға тұрғындарды медициналық сақтандырумен қамту жұмысын күшейтуді және медициналық көмекке жүгінген, жұмыс істемейтін, табысы төмен азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлеуді тапсырды.

«Әкімдіктер жарнаны D және E санатындағы барлық адамдар үшін емес, нақты МӘМС аясында медициналық қызмет алған азаматтар үшін төлейді. Механизмді мысалмен түсіндірейін. Цифрлық отбасылық карта деректері бойынша, Астанада бұл санаттарға 26 065 адам кіреді. 2026 жылдың басынан бастап оларға МӘМС шеңберінде медициналық көмек алу құқығы беріледі. Ал егер қаңтар айында олардың 5 245-іне медициналық көмек көрсетілсе, онда келесі айдан – яғни ақпаннан бастап және жыл соңына дейін Астана қаласының бюджеті осы 5 245 адам үшін жарналарды аударады. Дәл осындай тәртіппен наурыз айында ақпанда

ДЕНІҢІЗ САУ БОЛСА ДА, ЕМХАНАҒА НЕ ҮШІН БАРУ КЕРЕК?



Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры емханаңызды білудің қаншалықты маңызды әрі тиімді екенін тағы бір мәрте еске салады.

Азаматтардан келіп түсетін өтініштердің басым бөлігіне зер салсақ, олардың көпшілігі қай қызметтердің сақтандырусыз көрсетілетінін, қайсысы МӘМС пакетіне кіретінін білмейді. Шын мәнінде емханада профилактикалық тексеруден бастап күрделі операцияларға дейін көптеген қызмет түрін алуға болады. Егер өз құқығыңызды біліп, тіркелген емханаңызға жүгінсеңіз, мұның бәрі тегін көрсетіледі.

ҚАЙДА БАРУ КЕРЕК?

Медициналық қызметтерді пайдалану үшін ең алдымен өз емханаңызды және учаскелік дәрігеріңізді білу маңызды.

Егер сіз бұрын-соңды емханаға бармаған болсаңыз, **тіркелген медициналық ұйымды eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен немесе eGov Mobile мобильді қосымшасынан біле аласыз.**

Кейбір өңірлерде (мысалы, iKomek) анықтама қызметтері бар, олар сіздің тұратын мекенжайыңызға сәйкес келетін медициналық ұйымды анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл туралы өңірлік денсаулық сақтау басқармаларынан да кеңес алуға болады.

Айта кетейік, қажет болған жағдайда – жылына екі рет өз қалауыңыз бойынша, сондай-ақ тұрғылықты жерді ауыстыруға байланысты немесе тіркеу кампаниясы кезінде емхананы ауыстыруға болады (толығырақ <http://zan.gov.kz/client/#!/doc/148575/rus>). Бұл қызмет eGov.kz порталы арқылы көрсетіледі.

БҰЛ – НЕГІЗГІ МИНИМУМ

Қай емханаға тіркелгеніңізді білген соң, сол

Кейбір азаматтар қанғай медициналық қызметтерге тегін медициналық көмектің кепілденгірілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында алуға болатынын білмейді. Ал емханаға тіркелу арқылы көптеген медициналық қызметті алып, қаражатты үнемдеуге болады. Осы жайлы толығырақ қарастырайық.

жерге жүгініп, қажетті медициналық көмекті ала аласыз.

Өр тіркелген азамат жыл сайын өз емханасында **профилактикалық тексеруден** өтуге құқылы. Бұл ауруларды ерте кезеңде анықтауға және денсаулықты сақтауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен – **флюорография**. Ол өкпе ауруларын ерте анықтау үшін жылына бір рет жасалады.

Сонымен қатар, жыл сайын дәрігерге дейінгі тексеру кабинетіне бару қарастырылған. Онда артериялық қысым, қандағы қант мөлшері, бой, салмақ және көру өткірлігі өлшенеді. Егер сіз медициналық ақпараттық жүйенің мобильді қосымшасын пайдалансаңыз, учаскелік дәрігерге жазылмас бұрын осындай кабинетке бару қажеттілігі туралы хабарламалар алып жүрген боларсыз. Бұл кабинетке жолдама да, алдын ала жазылу да қажет емес, қызмет көрсету әдетте кезекпен жүзеге асырылады.

Әйелдер міндетті түрде алдын ала қаралу кабинетіне баруы керек. Онда профилактикалық тексеру жүргізіліп, шағымдар туралы сұралады, онкоцитологияға жағынды алынады және жалпы әйелдердің денсаулық жағдайы бағаланады.


Сонымен бірге жасына байланысты ерлер мен әйелдерге, шағымның бар-жоғына қарамай көрсетілетін маңызды медициналық қызметтердің бірі – скринингтік тексерулер. Олар жүрек-қан тамырлары, онкологиялық және басқа да ауруларды ерте кезеңде анықтауға бағытталған.

Айта кетерлігі, осындай тексерулерден тұрақты түрде өту мәселелерді уақытылы анықтап, асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ЕКАЖ Жетісу облысы бойынша филиалы

ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТ А

Вирустық гепатит А – вирус көзі науқас адам болып табылатын жімі инфекциялық ауру. Гепатиттің қоздырғышы – вирустардың ішек тобына жататын вирус. Вирус организмге ішек инфекцияларына тән: су, тамақдық және тұрмыстық-қарым-қатынас жолдарымен түседі.



Бұл ретте берілу факторлары: лас қол, сондай-ақ вирус жұқтырған барлық заттар (азық-түлік, көкөністер, жемістер, жидектер, асқек) болып табылады.

Жұқтыру шаруашылық-нәжіс ағындарымен ластанған су айдындарында шомылу кезінде болуы мүмкін. Сарғаюсыз, аурудың белгісі аз және субклиникалық нұсқалары бар адамдарда негізгі эпидемиологиялық маңызы бар. Вирус бауырды зақымдайды, вирус бөлшектері асқазан-ішек жолдарының сілекейлі қабығы арқылы сіңіріледі және қан айналымының жалпы жүйесіне түседі.

Вирус сау адамның организмне түскеннен кейін жасырын өтеді, инкубация деп аталатын жасырын кезең вирустық гепатит А кезінде 14 күннен 35 күнге дейін созылады. Содан кейін аурудың белгілері пайда болады: дене қызуы көтеріледі, бас ауырады, төбет төмендейді, әлсіздік, жүректің айнуы, құсу байқалады. Көптеген ауырған адамдарда қатаралдық құбылыс, тамақтың қызаруы байқалады. Зәр қараяды, сыраның түсіне ұқсайды, керісінше нәжіс ағарады.

Вирустық гепатит А гепатитінің вирусы сарғаю пайда болғаннан бұрын науқастың нәжісімен бөліне бастайды, яғни сарғаю кезеңінің алдында пайда болады. Аурудың осы кезеңінде ауырған адамдар айналасындағылар үшін барынша қауіпті болып табылады. Сарғаю кезеңінің пайда болуымен (көздің ағының және тері жабындарының боялуы) вирустың бөлінуі күрт азаяды және жұқтыру күрт төмендейді. Ауырып сауыққаннан кейін тұрақты, өмірлік иммунитет пайда болады. Профилактикалық шараларды сақтау кезінде аурудың алдын алуға болады.

Вирустық гепатит А сырқаттанушылығының алдын алу шаралары:

- тамақ ішер алдында, дәретханаға барғаннан кейін, жұмыстан, серуеннен қайтып оралған кезде қолды жуу;
- ашық су айдындарынан және қайнамаған суды ішпеу, сонымен қатар онымен жемістер мен көкөністерді жумау;
- ағынды сулар түсуі мүмкін су айдындарында шомылмау;
- адамдар болатын үй-жайларда: үйде, жұмыста, қоғамдық тамақтану объектілерінде, сауда, коммуналдық, өнеркәсіптік үй-жайларда тазалықты сақтау;
- экзотикалық өнімдерді, әсіресе шикі устрицаны, мидия, моллюскаларды тұтынбау.


Вирустық гепатит А спецификалық профилактикасы вакцинация болып табылады. Вакцинация алты ай аралықпен екі рет жүргізіледі.

Вакцинациялауға жататын контингенттер:

- 1) екі жастағы балалар;
- 2) Вирустық гепатит А ошақтарында он төрт жасқа дейінгі байланыста болған адамдар байланыста болған күннен бастап алғашқы екі аптада.

САЛЬМОНЕЛЛЕЗ ЖҰҚПАСЫ

Сальмонеллез – бактериалды жұқпалы ауру, көбінесе ішек - қарын жолдарына зиян келтіреді, бұл жануарлар мен адамдар арасында болатын жімі ішек ауруы. Көп жағдайларда азық-түлік арқылы беріліп, асқазан-ішек жолдарының зақымдануы арқылы сипатталатын жұқпалы ішек ауруы. Ауру қоздырғышы сальмонелла болып саналады. Ол көптеген аңдар және құстар ағзасында мекендейді. Сальмонеллалар суыққа төзімді және ұзақ қайнатқанда ғана жойылады.



Сүтте, тартылған етте, жұмыртқа ұнтағында, сальмонеллалар өмірге бейімділігін сақтай отырып, көбеюі де мүмкін. Сальмонеллез жұқпасының бактериялары төмен температурада ғана өмірге бейімді. Бірақ 50°C-тен 100°C аралығында жойылады.

Инфекцияның негізгі көзі - ауыл шаруашылық жануарлары мен құстар, сальмонеллезбен ауру адамдар және бактерия тасымалдаушылар болып табылады.

Инфекцияны тасымалдайтын негізгі факторларға сальмонеллалармен инфицирленген өртүрлі тағам өнімдері (мал, құс еттері, балық, теңіз шаяны, жұмыртқа және жұмыртқа ұнтағы, сүт және сүт тағамдары), көкөністер мен жемістер, кремді өнімдер жатады.

Таралу жолдары: Ауру қоздырғышы адам ағзасына сальмонеллез жұқтырылған және дұрыс термиялық өңделмеген тамақ өнімдерін пайдаланған кезде түседі (ет, сүт өнімдері, жұмыртқа).

Ауру белгілері: Жасырын кезеңі – жұқтыру кезеңінен аурудың клиникалық белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім 2-6 сағаттан 2-3 күнге дейін құрайды. Бастапқы кезеңде улану (интоксикация), әлсіздік, бас ауруы, дене қызуының 39°C дейін және одан да жоғары көтерілуінен, қалтыраудан, бас және бұлшық ет ауруынан басталады. Кейіннен жүрек айнып, лоқсу, құсу, бірнеше рет нәжісінің сұйықтанып, патологиялық қосындалармен бірге жасыл түсті болуын байқауға болады. Бұл аталған белгілер пайда болған жағдайда міндетті түрде дәрігерге қаралу керек!

Алдын-алу шаралары: Күнделікті тұрмыста әр адам жеке бас гигиенасын және тамақты дайындаудың (кондитерлік, кулинарлық өнімдердің, салаттардың) ережесін, дайын өнімдерді пайдалану мерзімі мен сақтау мерзімін қарап отырып, сальмонеллез ауруының алдын-ала алады.

Балалар тағамының сапасына және балалар ыдыстарының тазалығына жіті назар аудару қажет.

Ет өнімдерін термиялық өңдеуді өнім толық дайын болғанға дейін жүргізу қажет. Қайнатылмаған жаңа сауылған сүтті тұтыну ұсынылмайды.

Сальмонеллезбен ауыратын науқас үйде немесе ауруханада толық қалпына келгенше оқшаулануды қажет етеді. Науқаста бөлек ыдыс-аяқ, ас құралдары, зығыр, сүлгілер және т.б. керек.

Осы ережелерді есте сақтау сальмонеллез инфекциясының алдын алудағы маңызды шаралар болып табылады.

Ә.НУРМУХАМБЕТ,

РММ «Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» басшысының м.а

А.РИНАС,

РММ «Талдықорған қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» эпидемиологиялық бақылау бөлімінің жетекші маманы

**ЗАҢ МЕН ТӘРТИП**
Қауіпсіз Қазақстан үшін!**САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ**

Жетісу облысы Мемлекеттік кірістер департаментінде 2024 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысының «Үздік салық төлеушісі» және «Сыртқы экономикалық қызметтің үздік қатысушысы» атағына салтанатты марапаттау рәсімі өтті.

Әріптестік қарым-қатынастарды нығайту, салық төлеушілердің мемлекеттік кірістер органдарына ашықтығын және сенімін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі №429 «2024 жылдың қорытындысы

ҚАУІПСІЗДІК**ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗУ ЖОЛДАРЫ**

Суық түсіп, күн салқындаған сайын біз үйге жиі жылытқыштарды қосып, пеш жағамыз, ыстық тамақ әзірлейміз. Дәл осы кезеңде тұрмыстық өрттер саны күрт өседі. Олардың басым бөлігі бір ғана себептен болоды – адамдар қарапайым қауіпсіздік ережелерін ұмытады.

ҚАЙ ЖЕРДЕ ӨРТ ҚАУІПІ ЖОҒАРЫ?

Үй-жайларда өрттің шығуына көбіне мынадай жағдайлар себеп болады:

- ▶ ақаулы пештер мен бітелген түтін мұржалары;
- ▶ ескі немесе шамадан тыс жүктелген электр сымдары;
- ▶ плитада қараусыз қалған тамақ;
- ▶ от пен темекіні абайсыз қолдану.

Бұл жағдайлардың әрқайсысы дерлік кез келген үйде кездесуі мүмкін. Сондықтан ережелерді білу ғана емес, оларды күн сайын сақтау маңызды.

ПЕШ ПЕН ГАЗ ЖАБДЫҒЫ

Үйде пеш болса, жылыту маусымы басталғанға дейін оның жағдайын тексеріп, жылына кемінде бір рет түтін мұржасын күйеден тазартыңыз. Қабырғадағы жарықтар, есіктер мен ысырмаларды «кейін емес», бірден жөндеу керек.

Пешке киім-кешек іліп кептіруге, қасына отын мен тез тұтанатын заттарды қоюға болмайды. Газ плитасы мен қазанды тек нұсқаулыққа сәйкес пайдаланыңыз, өз бетіңізше «реттеп көрмеңіз».

ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ АРТЫҚ ЖҮКТЕМЕ

Бүгінгі үйлердің бәрі дерлік сымдар мен ұзартқыштарға толы. Бір ғана розеткаға жылытқыш, шәйнек, қуаттағыштар және тағы бірнеше құрылғы қосылады. Мұндай артық жүктеме қысқа тұйықталуға және өртке әкелуі мүмкін. Қорғанышы бар жарамды ұзартқыштарды пайдаланыңыз, қуаты жоғары бірнеше құрылғыны бір уақытта қоспаңыз және үйден шығарда не ұйықтар алдында электр құралдарын қосуды қалдырмаңыз.

БАЛАЛАР, ҚАРТТАР ЖӘНЕ ЖАЛҒЫЗ ТҰРАТЫНДАР

Кішкентай балалары бар отбасыларда, қарттар мен жалғыз тұратын адамдардың үйлерінде ерекше назар қажет. Балаларға сіріңке мен тұтатқыш -ойыншық емес екенін түсіндіріңіз. Қарт туыстарыңызға пешті, сымдарды, плитаны тексеруге көмектесіңіз. Үйге автономды өрт дабылқақышын орнату пайдалы: ол адам ұйықтап жатқанның өзінде уақытылы белгі береді.

ЕҢ БАСТЫ ЕРЕЖЕ – КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРМАУ

Өртті сөндіргеннен гөрі алдын алған жеңіл. Бір кешті пешті, розеткаларды, ұзартқыштарды, газ жабдығын тексеруге және дабылқақыш орнатуға арнаңыз. Осы қарапайым қадамдар бір күні сіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтап қалуы мүмкін. Түтіннің алғашқы белгілерін немесе күйік иісін сезсеңіз, бірден 112 нөміріне қоңырау шалыңыз – құтқарушылар тәулік бойы байланыста.

Жетісу облысы ТЖД баспасөз қызметі

ҚОШ БОЛ, ҚҰРМАШ АҒА!

Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымы ардагер ұстаз, тәлімгер «ҚР білім беру ісінің үздігі» Исмаилов Құрмаш ағамыздың өмірден озғанын қайғыра отырып хабарлайды.



Зейнеткерлік демалысқа шыққан соң да, өзінің белсенділік қабілетімен қалалық ардагерлер кеңесінде жас ұрпақты тәрбиелеу бағытында мазмұнды да, мағыналы іс-шаралар атқаруға ат салысты.

Қала мектептерінде жыл сайын өткізіліп тұратын «Ата-баба дәстүрі- ұрпаққа аманат» бағдарламасының ардагерлер кеңесінен сайланған әділқазылар алқасының белді мүшесі ретінде өзінің әділдігімен тәрбиелі де саналы пікірлерімен, бата-тілектерімен үлгі-өнеге бола білді.

Қала және облыс арасында өтіп тұратын батагөй, терме, мүшәйра, ән байқауы сияқты өнер сайыстарына белсене қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүрді. Шығармашылық өнерімен де танылған ағамыз өз жанынан өлең -жыр, терме шығарып сазгерлік қасиеттерін де дамытып отырды.

Райымбек батырдың 300 жылдық мерейтойында өзі шығарған арнау әнін орындаған. Абай Құнанбайұлы мен Ілияс Жансүгіровке арнап шығарған жыр-термелері бар.

Туғанына 100 жыл толған ұлы сазгер Нұрғиса Тілендиевке арнап шығарған «Нұрғисаға сағыныш» атты термесін биыл өткен ән байқауында орындап, көрермендер құрметіне ие болды.

«Жетісу» телеарнасында ардагер өнерпаз ретінде шақырылып сұхбат беріп шығармаларын орындап жүрді.

Ардагер ұстаз, сыйлы әріптес, ұлағатты отағасы болып құрметке бөленіп өткен ағамыздың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!

Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС

ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №1243 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

БАСТЫ НАЗАРДА**ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ӨТКЕЛДЕРІ ЖАРЫҚТАНДЫРЫЛДЫ**

Облыс орталығы Талдықорған қаласында жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында биыл жаяу жүргіншілер өткелдерін жарықтандыру жұмыстары толық аяқталды.

Аталған жұмыстар қаламыздағы 12 мектептің маңындағы көше өткелдерінде жүргізілді.

Сонымен қатар, келесі жылы қаламызда қауіпті деп танылған учаскелерді жарықтандыру жұмыстары жалғасын таппақ.

Айта кетейік, биыл Талдықорғанда 3 жаяу жүргіншіге арналған және 2 автокөлікке арналған жаңа бағдаршам іске қосылды.

Жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар:

- Еркін ауылындағы Сүлейменов көшесіне;
- Н. Назарбаев даңғылы бойындағы «Мебельный» аялдамасына;
- Рақышев көшесіндегі «Foodmart» супермаркетінің жанына орнатылды.

Ал автокөліктерге арналған бағдаршамдар:

- Желтоқсан көшесімен қаладан шығатын айналма жол тұсына,
- Балпық би мен Сланов көшелерінің қиылысына қойылды.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

**ӨЗІН-ӨЗІ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ ЖАҒАЛЫҚ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін (АСР) қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін бекітті.

ҚР Үкіметінің №994 қаулысы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді. Бұл шешім табысты заңдастыру және салықтық әкімшілендіруді жеңілдету үшін жаңа мүмкіндіктер ашады!

Енді сіз келесі қызмет түрлерімен айналыссаңыз, жеңілдетілген режимде жұмыс істей аласыз:

- ▶ Такси қызметі
- ▶ Дайын тағамды тапсырыс бойынша жеткізу
- ▶ Жеке тұрғын үй жылжымайтын мүлкін жалдау және басқару
- ▶ Фотография саласындағы қызмет
- ▶ Спорт және демалыс саласындағы білім беру
- ▶ Шаштараздар мен сұлулық салондарының қызметтерін көрсету
- ▶ Компьютерлерді, аяқ киімді, зергерлік бұйымдарды және жиһаздарды жөндеу

Ескеретін маңызды нюанстар:

- ▶ Қосалқы коммерциялық қызмет (ЖСЭҚ 82990) тек қана интернет-платформалар арқылы көрсетілетін қызметтерге ғана рұқсат етілген.
- ▶ Басқа пошта және курьерлік қызмет (ЖСЭҚ 53200) басқа пошта қызметінен басқасына рұқсат етілген.

Өзіңіздің ЖСЭҚ кодыңызды тексеріңіз! 40 тармақтан тұратын толық тізбе №994 қаулымен бекітілді. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2500000994>

2026 жылдан бастап табысыңызды оңай заңдастырыңыз!

#ӨзінӨзіЖұмыспенҚамтығандарКЗ #АСР #СалықтарКЗ
#Қазақстан #БизнесКЗ #ЖаңаСалықРежимі

ХАБАРЛАНДЫРУ**Құрметті Еркін ауылының тұрғындары!**

Еркін ауылы Қаратал көшесіне жаңа атау беру бойынша жиын өтетінін хабарлаймыз. Жиынға міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

Өтетін орны: Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Қаратал мен Теміртеқұлы көшелерінің қиылысы.

Уақыты: 25.12.2025 ж., сағ.: 15.00.

ОБЪЯВЛЕНИЕ**Уважаемые жители села Еркин!**

Сообщаем, что состоится сход по вопросу переименования улицы Каратал в селе Еркин. Просим принять участие.

Место проведения: г. Талдықорған, село Еркин, пересечение улиц Каратал и Темиртекулы.

Дата: 25.12.2025 г., в 15.00 ч.

УТЕРЯНЫ диплом Талдықорганского юридического техникума, военный билет на имя **Куйеубаева Марата Самархановича. ВЕРНУТЬ ЗА ВОЗНАГРАЖДЕНИЕ.** Сот.: 8 705 979 96 37

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №17502-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.